

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым



V00042

29.09.2020 ж

2

0

2

0

ШАЙХ ГУЛЖАН АЛЫМҚЫЗЫ

*Түркістан облысы Ордабасы ауданы Берген ауылы
ЖШС «Нұр Балауса» бөбекжай балабақша тәрбиешісі*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

29.09.2020 ЖЫЛ | № V00042

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Редактор: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.
Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

Тақырыбы: Нан қайдан шығады?

Мақсаты: Балаларға «Нан қайдан шығады?» ертегісін оқып беріп, балалардың сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілетін дамыту. Нан туралы түсініктерін тереңдету. Еңбекті бағалау, адамгершілік қасиеттерін дамыту.

Міндеті: Балаларды нанның қадірін бағалап, білуге үйрету.

Әдісі: Түсіндіру, әңгімелеу, көрсету.

Түрі: Дәстүрлі ұйымдастырған оқу іс-әрекеті.

Типі: Жаңа білімді меңгерту.

Көрнекілік: Тақырыптық материалдар, интерактивті тақта.

Инклюзивтік әлеует: Балалардың өз ойларын ашық айта білуге баулу.

Іс-әрекет кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Түйсік түрткісі	<p>Мұғалім ең алдымен іс-әрекетті балалармен бірге «Шаттық шеңберімен» бастайды. «Шаттық шеңбері» табиғат анамен амандасудан басталады.</p>	<p>Балалар мұғалімнің ұсынысы бойынша «Шаттық шеңберіне» тұрып, табиғат анамен амандасып алады. Амансың ба, алтын күн? Амансың ба, көк аспан? Амансың ба, достарым, Сендерді көрсем қуанам.</p>
	<p>Жарайсыңдар, балалар. Міне бүгін біз көркем әдебиет оқу қызметін жақсы көңіл-күймен бастадық.</p>  <p>Енді мен сендерден өтілген оқу қызметтерден бұрын білетін ертегілермен танысқанымызды еске түсіріп жіберейік. Сендер сол ертегілерді атап, мына суреттерден сол кейіпкерлерді тауып, тақтаға іле қойыңдар.</p>	<p>Балалар өтілген іс-әрекеттегі танысқан ертегі бойынша суреттерден өздеріне таныс ертегіні таңдап алып, тақтаға шеңбердің айналасына орналастырады. Мысалы, «Мақта қыз бен мысық», «Шалқан», «Бауырсақ».</p>

Ұйымдастыру ізденушілік	<p>- Ал енді, балалар, тағы да ертегі тыңдағыларың келеді ме? Мен сендерді керемет ертегімен таныстырғалы тұрмын. Сендер ертегіні тыңдамас бұрын мен сендерге жұмбақ жасырамын.</p> <p style="text-align: center;">Ұзын мұртты сарылар, Наның содан алынар. (бидай)</p>	Балалар жұмбақтың шешуін тауып береді.
	<p>- Жарайсыңдар, балалар! Әрине жұмбақтың жауабы бидай болады. Бүгінгі біздің іс-әрекетімізде осы бидайдан жасалатын ас атасы – нан туралы өтеміз. Мен сендерге қазір «Нан қайдан шығады?» ертегісін оқып беремін.</p> <p>Осы кезде есік қағылып, ішке «Ғажайып сәт» ретінде Бидай кіріп, балалармен сәлемдеседі. Бидай:</p> <p>- Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерге қонаққа келдім, - деп өз қуанышын білдіреді.</p> <p style="text-align: center;">Қуанамын мен де, Қуанасың сен де, Қуанайық, достарым, Арайлап атқан күнге.</p> <p>- Ал, балалар, сендермен бірге нанның қайдан шығатынын менің де білгім келеді және сендердің нан туралы не білетіндеріңді менің де естігім, көргім келеді.</p> <p>Мұғалім Бидайды төрге отырғызады.</p>	
Әңгімелесу	<p>Мұғалім Бидайды төрге отырғызады да, балаларға ертегіні айтып бермес бұрын, балалармен әңгіме қозғайды.</p> <p>- Нан туралы не білесіңдер? Ал сендерге сол нанның қайдан шыққанын айтып берейін. Сендер мұқият зер салып тыңдаңдар.</p>	Нан туралы білетіндерін ортаға салып айтады.
Кері байланыс- тылық, түзетушілік	<i>Сергіту сәті</i>	<p>Шаршағанда ырғалып, Бидайға ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Бидай болып жайқалам.</p> <p>Балалар тышқан, нан,</p>

	<p>Енді осы ертегіні рөлдерге бөлініп, сахналап көрейік, - деп балаларды рөлге бөледі, ертегіні сюжетті рөлді ойын ретінде сахналайды.</p>	<p>күзетші, сатушы, наубайшы, диірменші болып ертегіні сахналайды.</p>
	<p>Содан соң мұғалім балаларды мақтап, мадақтап отырғызып, нанға байланысты мақалды Бидайға айтып беруді сұрайды.</p>	<p>Балалар Бидайға өздері білетін мақалдарды айтып береді. 1. Ас атасы – нан. 2. Нан бар жерде ән бар.</p>
	<p>1- Жарайсыңдар, балалар. Сендер көп мақал біледі екенсіңдер. Енді мен сендерге егінге байланысты мақал-мәтелді айтып өтейін және нанға байланысты тыйым сөздерді де айтамын. 1. Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім. 2. Ексең егін, Ішерсің тегін. Тыйым сөздер: 3. Нанды бір қолмен үзбе. 4. Нанды жерге тастама. 5. Наннан аттама. - Міне, балалар, нанның қандай еңбектің арқасында келетінін білдіңдер. Нанның қасиеті мен қадірін білуіміз керек. Осы кезде ғажайып сәт ретінде келген Бидай да өз ризашылығын білдіріп, балалармен қоштасып, өзі әкелген бауырсақты балаларға үлестіріп береді. Мұғалім іс-әрекетке белсенді қатысқан балаларды мақтап мадақтайды</p>	

Күтілетін нәтижелер: Балалар не үйренді? Олар нанның қайдан шығатынын білді

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙ-ӨРІСІН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫН АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ

Жоспар

I Кіріспе

1.1. Мектепке дейінгі мекемеде дидактикалық ойындарды қолданудың маңызы

1.2. Дидактикалық ойын туралы түсінік және оның атқаратын функциясы

II Негізгі бөлім

2.1. Дидактикалық ойындардың түрлері мен топтары 2.2. Дидактикалық ойындарды қолданудың тиімді жолдары

III Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы.

Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтертеді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек. Фольклортанушы ғалым Ә.Диваев «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар...». Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа, сол жастағыларға лайықты: «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан соқпақ, ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын, ал одан кейінгі топқа: «тақия тастамақ, тартыс, сиқырлы қоржын, бәйге, көкпар, асық, хан талапай, теңге алу, қыз қуу, орамал тастамақ, ақсүйек, күрес» т.б. ойындарын жатқызуға болады. Мұндай ойындар баланы тез ойлауға, тапқырлыққа баулып, жаңа тақырыптарды жылдам меңгеруге ықпал етеді, сөз тіркесіне, ұйқастыруға дағдыландырады.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті:

«Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген

сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді».

Ойынды балалар өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде пайдалана отырып алдымен солардың ортақ мүддесін бағыттап және дамытып отыру, балалар ұжымын топтастыруға күш салу керек. А.С.Макаренко ойынның балалар өмірін ұйымдастырудағы ролін жоғары бағалай келіп, тәрбиешінің ролі туралы былай деп жазды: «Мен де педагог ретінде олармен аздап ойнауға тиіспін. Егер мен тек қана үйретіп, талап етіп, айтқанымды істетіп тұрсам, онда мен, бәлкім, пайдалы, бірақ жақындығы жоқ бөгде күш қана боламын. Мен міндетті түрде аздап ойнауға тиіспін және мен өзімнің барлық әріптестерімнен осыны талап еттім».

Дидактикалық ойын - оқушы қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Бастауыш сыныптарда оқушыларының ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық ойындардың жүйелі қолданылуы жақсы нәтиже береді. Дидактикалық ойындарды пайдалану мәселесі педагогикалық теорияда кеңінен қарастырылған. Атап айтсақ, Ахметов С, Алдабергенов А., Ахметов Н.К., Хайдаров Ж.С., Кларин М.В., Қайырбекова А., Төлтаева Г., Әбселемова А., Әбішова А. т.б. ғалымдар дидактикалық ойындардың маңызын, түрлерін қолдану жолдарын көрсеткен. Педагогикалық процесте ойын балалар іс-әрекетінің басқа да түрлерімен, бәрінен бұрын еңбекпен, оқу үстіндегі оқытумен өзара тығыз байланыста болады.

Ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады. Ойын дегеніміз - жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Дидактикалық ойындар балалардың білімін кеңейтіп және бекіту мақсатындағы жоспарлы және мақсатты педагогикалық тәсіл. «Ойын ойнап ән салмай өсер бала болар ма», -дегендей ойынның қай түріне болмасын зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, одан мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені алдымен ненің болсын бастамасы, жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі, демек біз ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз.

Ойын үстінде бала өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы. Сондай-ақ ойын баланың болашақ өміріне есік ашып, оның іздемпаздық, тапқырлық қабілетін оятады. Осы тұрғыда баланың байқағыштық, зерттеп-салыстыру, сезім қабілетін дамытуға, баланың заттарды белгілері бойынша тану, түйсіну қабілетін ұштап қана қоймай, сонымен қатар сөздік қорын молайтуда дидактикалық ойындардың орны ерекше болып табылады.

Ойын көп жоспарлы, күрделі педагогикалық процесс болғандықтан мектепке дейінгі жастағы балаларды оқытудағы ойындық әдіс болып табылады. Оқыту формасы балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі негізгі құрал болып есептеледі.

Дидактикалық ойын оқытудың әдістерінде 2 жолмен қарастырылады.

Ойын сабақтар және дидактикалық тапсырмалар не болмаса автодидактикалық ойындар.

Өз тәжірибемде ойындық сабақтардың көмегімен балаларға білім беріп қана қоймай, оларға қалай ойнауды да үйретемін. Бір мезетте оқытушы және ойынның мүшесі ретінде де балаларды ойнатуға талпындырамын, ал балалар ойнай отырып үйренеді, сондай-ақ ойын өзіндік ойын әрекеті нәтижесінде де қалыптасады. Өзіндік ойын

әрекеті балалардың ойынға деген қызығушылығы артқан кезде ғана іске асады. Балалар ойын ойнағанды ұнатады және өз ынталарымен беріліп ойнайды. Тапсырмаларымды балалар өз беттерімен орындап және ойынды ұйымдастырып бір-біріне әділ баға беруге үйренеді.

Балабақшада жиі қолданатын дидактикалық ойын түрлерін төмендегі жүйе бойынша өткіземін:

1. *Ойыншықпен ойналатын ойындар.*

2. *Үстел үстінде ойналатын ойындар.*

3. *Сөздік ойындар*

Әр топта балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар іріктеймін, сондай-ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түсемін және ойлауын, зейінін, есте сақтауын дамытуға көмектесемін.

Ойынның мазмұны бірнеше элементтен құрылады: Дидактикалық тапсырмалар, мазмұны, ережесі және ойынның орындалуы, мұнда басты элемент-дидактикалық тапсырмалар болып табылады, ал қалған элементтер осы тапсырмаға және оның орындалуына көмектеседі. Тапсырмалар әртүрлі болады (табиғат, жануарлар және өсімдіктер әлемі, адамдар, еңбек т.б.) және қарапайым математикалық ұғымдарды бекітуге байланысты.

Ойын ережелерге сүйенеді, ережелер әр баланың ойында не істеу керектігін, қалай істеу керектігін, мақсатқа жетудің жолдарын көрсетеді және ақыл-ой қабілеттерін дамытады, әсіресе, кішкентай топтағы балалар өзін-өзі ұстауға, өздерінің мінез-құлықтарын қадағалауға үйренеді. Сонымен бірге, психологиялық жағдайларын жақсартады: көңіл аударғыштығын, байқағыштығын және мейірімділікке, кішіпейілділікке үйретеді.

Көптеген дидактикалық ойындар балалардың жеке-дара ойнауына арналған (мозаика, пирамида), олар баланың дербестігін, аңғарғыштығын, өздігінен еңбек етуін жетілдіреді. Кейбір ойындар 4-6 баламен ойналады, сандық лотолар сан үйрету үшін өте қолайлы қызықты.

Дидактикалық ойынды қолдану үшін үлкен педагогикалық шеберлік қажет. Ойынды таңдап алған соң, ойынның көмегімен қандай тапсырманы орындайтынын анықтаймын және ойынды өткізу үшін алдын-ала дайындаламын, сонымен қатар балаларға ойын түсінікті, анық, жас ерекшеліктеріне сай болуы тиіс. Мысалы: табу, көрсету, белгілеу естияр топқа лайықты, ал ересек балаларда салыстыру басым болады. Мінез-құлықты тәрбиелеуде ойынның рөлі маңызды болып есептеледі. Әлем бала өміріне біртіндеп кіреді. Бала ең алдымен оны үйде, балабақшада не қоршап тұрғанын ұғынады. Біртіндеп өмірден алған тәжірибесі көбейеді. Мектеп жасына дейінгі балалар өзінің айналасындағы қоршаған ортамен танысуға өте құштар. Бұл баланың бірнеше сұрақтар қоюына әкеліп соғады. Яғни, балаға әлем аздап ғана сырын ашса, онда баланың білуге деген құштарлығы арта түседі. Ойын-баланың бірінші әрекеті, сондықтан да оның мән-мағынасы ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Мектеп жасына дейінгі балалардың зейіні тұрақсыз болады. Оларды біркелкі жұмыс тез жалықтырады. Сондықтан олардың зейінін үнемі қажетті бағытқа аудару үшін ойын түрінде жүргізу

қажет. Өйткені ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде алған білімді ойынмен тиянақтау білімнің беріктігіне негіз қалайды.

Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен дарынын ұштайды. Мектеп жасына дейінгі балалар көргендерін, байқағандарын, айналасынан естігендерін ойын кезінде қолданатын байқауға болады. Ойын айналадағы болмысты бейнелейді. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді.

Сондықтан да ойшыл ұлы адамдар балаларды ойын арқылы оқыту керек деген ойға келді. Ойын арқылы оқыту, бұл ой көптеген оқытушылар мен тәрбиешілерді қызықтырды. Грузин педагогы Ш.А.Амонашвили ойын арқылы балаларға өте қиын әлемдік танымды түсіндіре білді. Ш. А. Амонашвили өз оқушыларымен ойын ойнағанда өзін балалармен бірдей қоя отырып, олардың көңіліне, ойына, санасына пайдалы ұғымды беріп, өз ісіне сенімді болып, қиындықтарды жеңе білуге үйретті-баланың көздерінде білімге деген құштарлықты байқады. Ойын арқылы оқытудың арқасында дидактикалық ойын пайда болды. Берілген ойындарды қолдану іс-әрекеттің әсерлігін арттырып, балалардың логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамытады. Бұл ойындарды тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттің мазмұнына сай пайдалануға болады. Сондықтан, бұндай ойындар ойнау балалардың ойлау, қабылдау, еліктеу қабілеті және заттардың түрін, түсін, көлемін ажырата білуін дамыта түсу үшін өте қажет.

Дидактикалық ойындарда міндетті түрде екі бала қатысатын ойындар түрін пайдаланған тиімді. Ойын арқылы оқыту үшін дидактикалық ойындар құрылған. Балаларға тапсырмалар ойын түрінде беріледі, бұл дидактикалық ойындардың негізгі ерекшеліктері. Балалар ойнау арқылы белгілі бір білім, білік, дағдыларды және ойын әрекеттерін меңгереді. Әр дидактикалық ойынның танымдылық және тәрбиелік мазмұны болады.

Ұсынылып отырған құралда балалардың математика пәніне қызығушылығын арттыру мақсатында дидактикалық ойындар; қазақ ақын-жазушыларының санға байланысты санамақтар, жаңылтпаштар; сергіту сәттері; іс-әрекеттің конспектісі берілген, не үшін ойынды ұйымдастыру керек және тәрбиешінің алға қойған мақсатына қалай жету деген сұрақтардың негізінде құрастырылған. Ойындардың тиімділігі көп жағдайда тәрбиешінің көңіл-күйіне де байланысты болады. Әр ойынды өткізген кезде тәрбиешіге шығармашылық қажет.

Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде балалармен өткізілетін математиканың алғашқы ұғымдарын қалыптастыру іс-әрекетте ойынның мынадай түрлерін пайдалануға болады:

дидактикалық ойындар-логикалық ойлауын, математикалық қабілеттерін дамыту. санға байланысты санамақ, жаңылтпаштар, жұмбақтар-балалардың сандарды танып білуін, тілдерін жаттықтыру, есте сақтауын, ойлау қабілеттерін дамыту.

математикалық сергіту сәттері-кеңістікті бағдарлау, қимыл қозғалысты дамыту. Құралда дидактикалық ойындар мазмұны, ойынды ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері көрсетілген. Олар балалардың зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын, көзбен мөлшерлеуін, тапқырлығын дамытуға, математикалық білімдерін, икемділіктері мен дағдыларын, заттарды түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға, салыстыруға, ажыратуға, кеңістік пен уақытты бағдарлауға үйрету. Балалардың логикалық ойлау, қабылдау, есте сақтау қабілеттерін, зейінін, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға арналған. Жоғарыда айтылған мақсаттарды шешуде нәтижесі ұтымды болу үшін балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыруда дидактикалық ойындардың жинағын ұсынамын.

«Санына қарай салыстырайық» ойыны

Бастапқыда балаларға қай жерде ойыншықтың көптігін, ал қай жерде аздығын көзбен анықтауды ұсынамыз, яғни, үзіліссіз мөлшерлерді салыстыра бастаймыз. Алғашқы мысалдардың жауаптары көзге көрініп тұруы қажет.

«Жеуге жарайтын» - «Жеуге жарамайтын» ойыны. Осы ойынды топпен жіктеу ойынын бәріміз білеміз. Ұқсастығына байланысты басқа да белгілерді таңдауға болады: тірі - тірі емес, қозғағышы бар - қозғағышы жоқ, дөңгелегі бар - дөңгелегі жоқ және т.б.

«Төртінші артық» ойыны.

басқаларына сәйкес келмейтін затты («геометриялық пішінді») алып тастау немесе боямау керек және топты жалпышама сөзбен атау қажет.

Есту арқылы жұмыс жасау: тәрбиеші сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды, мысалы: 3 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 3 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша).

«Мені анықта» ойыны (маңызды белгілер - анықтау негізі)

Әрбір заттың, тірі жанның көптеген белгілері бар. Мен мынадай ойын ойнатамын.

Тәрбиеші айтады «Балалар, мен қазір белгілерін атай отырып, сендердің біреулеріңді суреттеуге тырысамын, ал сендер менің кім туралы айтып тұрғанымды анықтауларың керек. Кәне бастаймыз. Ол ұл. Оның шаштары қара түсті, көздері қоңыр, шалбарында 2 дәу түйме бар. Ол футбол ойнағанды жақсы көреді. Ол бүгін джинсы және тор көзді көк көйлек киіпті. Кім ол?

Балалар кім екенін ойлай бастайды да бір-біріне қарай бастайды. Бұл ойын аңғарымпаздыққа үйретеді.

«Иә, бұл Асқар. Асқар мен Арманның қандай қандай ұқсастықтары бар? Олардың қандай айырмашылықтары бар? Енді Кәмшат біреуді суреттеп берсің.»

«Мен не жасырдым?» ойыны. Балалардың алдына 3-4 түрлі заттар немесе қос суреттер қойылған. Балаларға сұрақ қою арқылы мен айтқан карточкамды немесе затты табуы керек. Әрбір сұрақтан кейін, әрі қарай қарастырылмайтын карточканы алып тастатып отырамын Мысалы, «Ол тірі ме?» деген сұраққа «иә» деп жауап берілсе, тірі емес заттар бейнеленген карточкаларды төңкеріп немесе алып тастаған жөн, ол баланың әрі қарай ізденуін және сұрақ қоюын жеңілдетеді.

10-ға дейін санау ойыны .

Бала 1-10 аралағында таңбаларды тани білу. Аталған санға байланысты қимыл жасап үйретемін. Мысалы шапалақтап санау, немесе түрлі санамақпен жаттатамын.

«Орнынды тап» ойыны

Балалар реттік номерімен тұрады да тәрбиеші «Ап, қасқырым аш» деп балаларды ойнап құса балалар «қасқырдан» құтылғаннан кейін тез өз орындарын реттік номерімен тауып алу керек.

«Айырмасын тап» ойын

«Пішіндердің орнын тап» ойыны

Осыдан келіп ойын туралы мынандай тұжырым жасалады:

а) дидактикалық ойын–тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру- өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.

г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі- ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады.

Дидактикалық ойындар - балабақша бүлдіршіндерді өз бетінше жұмыс істей білуді дағдыландырады, ойлау қабілеттерін, ізденімпаздығын арттырады, сөздік қорын молайтуға көмектеседі.

Дидактикалық ойындар балалардың білімін кеңейтіп және бекіту мақсатындағы жоспарлы және мақсатты педагогикалық тәсіл. «Ойын ойнап ән салмай өсер бала болар ма», - дегендей ойынның қай түріне болмасын зер салып, ой жүгіртіп қарар болсақ, одан мәнді де мағыналы істер туындап өрбитінін байқаймыз. Өйткені алдымен ненің болсын бастамасы, жол бастар қайнар көзі болатыны белгілі, демек біз ойынды бар өнердің бастауы деп білеміз.

Қорытынды:

Жас жеткіншектердің білімді, білікті болуында дидактикалық ойынның алатыны өте ерекше. Дидактикалық ойын арқылы балалардың білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады. Мазмұны бойынша барлық дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндерінің ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл дидактикалық ойындар балабақша бүлдіршіндердің сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі. Себебі, ойын-оқу, еңбек, іс-әрекеттерімен бірге балалардың өмір сүруіне маңызды бір түрі.

Ойын балалар үшін айналадағыны танып-білу тәсілі болып табылады. Оның негізгі ерекшелігі - балалар үн-түнсіз ойнамайды, тіпті, жалғыз болғанның өзінде де сөйлесіп жүреді. Ойын процесінде сөйлесу үлкен рөл атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысады, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойын - бала үшін нағыз өмір. Ойын әрекетінде баланың психикалық қасиеттері мен жеке басының ерекшеліктері әлдеқайда тез қалыптасады, яғни ол арқылы бала білім алады. Бала зейінін қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар бүлдіршіннің ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік-жігерін сомдайды.